

Абишев Жандос Бахытовичтың

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында денсаулық мәселенің шешімін табу міндеттері көзделінген. Осы талапты тиімділікпен іске асыру үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау жүйесін әзірлеу және ендіру болып табылады.

Алайда, бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту бойынша мектеп тәжірибесінде мұғалімдердің даярлығының жеткіліксіздігі көрініс алып отыр. Сонымен қатар ғалымдардың елеулі қызығушылығына қарамастан, балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі жеткілікті зерттелмегендігін атап өтуге тиіспіз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы зерттеудің өзектілігі оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруды іске асыруға дайын мұғалімдерге деген қазіргі заманғы білім беру кеңістігі мен қоғамның сұраныстарына байланысты автордың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың нақты жолдары көрсетіп беруі осы бағыттағы жаңа ғылыми жетістік деп тануға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының ғылыми міндеттері мен сұраныстарын шешумен тікелей байланысты өзекті болып табылатын Ж.Б.Абишевтің диссертациялық зерттеуі көкейкесті мәнге ие болып отыр.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелері.

Диссертациямен жұмыс істеу және ізденушінің қойылған міндеттерін шешу барысында келесі ғылыми нәтижелер алынған:

1) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориялық негіздері ашып көрсетілген.

2) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жобаланды және , өлшемдері, деңгейлері мен көрсеткіштері анықталған.

3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындалған.

4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігі эксперименттік тексеруден өткізіліп дәлелденген.

3. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің (ғылыми жағдайдың), ізденушінің тұжырымы мен қорытындысының негізділік және нақтылық дәрежесі.

Ізденуші алған ғылыми нәтижелер мен зерттеу қорытындылары теориялық тұрғыдан негізделген және шынайы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен

қорытындыларының шынайылығы зерттелетін теориялық және практикалық материалдың алуан түрлілігімен, толықтығымен және көлемімен, іздестіру әдістерін оңтайлы таңдаумен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен қамтамасыз етілген.

Бірінші нәтиженің негізділігі мен шынайылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау мәселелерін және оның негізгі ұғымдарын зерделеудің әдіснамалық тәсілдерін жан-жақты талдаумен расталады.

Екінші нәтиженің негізділігі мен нақтылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың В5010200 «Бастауыш білім беру» мамандығының базалық талаптарына сәйкестігін және ізденуші ұсынған даярлық моделінің негізгі ережелеріне сәйкес келетін құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу кезінде жүйелік, тұтас, құзыреттілік, жеке-іс-әрекет тұғырларын пайдалану болып табылады.

Үшінші нәтиженің негізділігі мен нақтылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың педагогикалық шарттарының айқындалуында көрініс береді.

Төртінші нәтиженің негізділігі мен шынайылығы болашақ бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен расталады.

Ізденушінің нәтижелері мен қорытындысы педагогикалық зерттеулер әдістемесімен негізделген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Ізденушінің диссертациясында ұсынылған ғылыми нәтижелер жаңа.

Бірінші нәтиженің жаңалығын «денсаулық», «денсаулық мәдениеті», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлығы» және «бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениеті» ұғымдары нақтылануымен және білім жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау практикасының бүгінгі жағдайын зерделеумен байланысты болды. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысқа дайындау» ұғымы алғаш рет нақтылануымен сипатталады.

Екінші нәтиженің жаңалығы- жүйелік, іс-әрекеттік, жеке тұлғаға бағдарлы, аксиологиялық, антропологиялық, мәдениеттанушылық тұғырлар негізінде, сонымен қатар ғылымилық, үздіксіздік, сабақтастық, вариативтілік, кешенділік, тұтастық, білімдердің беріктігі, қолжетімділік принциптері басшылыққа алынған болашақ бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің алғаш рет жобаланғандығымен тиянақталады.

Үшінші нәтиженің жаңалығы мынада алғаш рет бірініші- бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға деген ішкі мотивациясының дамуының өзектендіредірілуі; екінші- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және типтік оқу жоспарымен оқылатын пәндердің мазмұнына бағдар ұстану; үшінші- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау бойынша әр түрлі жұмыс формалары мен әдістерін (оқу және оқудан тыс) пайдалану; төртінші- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлығын практикалық дағдыларды меңгеруін қамтамасыз ететін белсенді педагогикалық іс-әрекетке жұмылдыру; бесінші- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлауда педагогикалық-профессорлық

құрамның, қоғамдық ұйымдардың, ата-аналардың іс-әрекетінің үйлесімділігі және бағыттылығы болыптабылатын педагогикалық шарттардың нақтылықпен анықталған.

Төртінші нәтиженің жаңалығы ізденуші әзірлеген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатындағы 5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы үшін элективті курсты, оқу-әдістемелік құрал мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды, бұл педагогтың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлығының теориялық және әдістемелік базасын қамтамасыз етілгендігі.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Барлық алынған нәтижелер ішкі бірлікте сипатталады. Қойылған міндеттерді шешу барысы мен нәтижелерін егжей-тегжейлі көрсететін диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің бірыңғай әдістемесіне бағынады, ғылыми аппаратпен сауатты әзірленген диссертацияға сәйкес қисынды құрылған.

6. Алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуге бағыттылығы.

Ізденушінің алған нәтижелері теориялық және практикалық маңызы бар, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың өзекті ғылыми проблемасын шешуге бағытталған және білім берудің нақты тәжірибесінде қолданылуы мүмкін

Орындалған диссертациялық зерттеу ғылыми талдаудың жеткілікті деңгейімен сипатталады. Диссертациядағы теориялық-болжамдық ережелер статистикалық деректермен расталады. Әрбір бөлімнің қорытындылары қойылған міндеттерді шешу ретінде туындайды және автор алған ғылыми нәтижелерді көрсетеді.

Негізгі ғылыми нәтижелерді педагогикалық кадрларды дайындау үдерісінде: бакалаврларды, магистрлерді, біліктілікті арттыру жүйесін, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың дайындау бойынша практикалық қызметте пайдалануға болады.

7. Негізгі ережелерді, нәтижелерді, диссертацияның қорытындыларын жариялаудың жеткілікті толықтығын растау

Диссертацияның мазмұны автордың 12 ғылыми еңбекте (9 ғылыми мақала), оның ішінде 3 - ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 – Thomson халықаралық ақпараттық базасына кіретін шетелдік басылымда, 5-халықаралық және республикалық (Қазақстан) деңгейдегі ғылыми – практикалық конференциялардың материалдар жинағында және 1-электронды оқулық, 2 – әдістемелік әдістемелік нұсқауларда мазмұндалған.

8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Диссертант Ж.Б.Абишевтің «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау» тақырыбына ұсынған аннотация диссертацияның мазмұнына толық сәйкес келеді

9. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

Жалпы, орындалған диссертациялық зерттеудің өзектілігін, мазмұндылығын, тұтастығын және аяқталуын, оның теориялық және практикалық маңыздылығын атап көрсете отырып, келесі ескертпелерге назар аудару қажет деп санаймыз:

1. Біздің ойымызша, салауатты өмір салтын қалыптастыру және тәрбиелеу мәселелері бойынша талдауға алынған зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөлінген.

2. Біздің пікірімізше, «Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру негіздері» элективтік курсының «Бастауыш сынып оқушыларының

денсаулық мәдениетін қалыптастыру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» атты 2-ші модульдің мазмұнында БАҚ мүмкіндіктерін пайдалану ескерілмеген.

3. 1.2-параграфы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлығының ерекшелігін көрсететін қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелерімен толықтыру қажет еді.

4. Жұмыста орын алған стилистикалық және техникалық қателіктерді жою қажет.

Көрсетілген кемшіліктер ұсынылған диссертациялық зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығы мен ғылыми құндылығын төмендетпейді.

10. Диссертацияның ҚР БҒМ БҒСБК «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» 2-бөлімінің қойылатын талаптарына сәйкестігі

Жалпы, Абишев Жандос Бахытовичтың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу белгілі теориялық және практикалық маңызы бар, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» бөлімінің талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы 6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.



Жолдасбекова Б.А.

